

ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Тарих ғылымдарының докторы,
профессор К. Қожахметұлының 75 жылдық мерейтойына
орайластырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

28 наурыз 2014 ж.

МЕНЯЮЩИЙСЯ МИР И КАЗАХСТАН

Материалы
международной научно-практической конференции,
посвященной 75-летию юбилею доктора исторических наук,
профессора К. Қожахметұлы

28 марта 2014 г.

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған
(26 ақпан 2014 ж. №7 хаттама)*

Ұйымдастырушылық комитет:

*төраға: профессор К.Н.Шакиров,
мүшелері: доцент Е.С.Чукубаев, доцент А.Р. Әліпбаев,
доцент М.С. Мырзабеков, доцент Б.З. Бюжеева,
доцент Ж.Д. Көшербаев, PhD доктор А.О. Оңдаш,
экономика магистрі Ж.А. Оспанбаев*

Жауапты редактор

PhD доктор А.О. Оңдаш

Өзгермелі өлем және Қазақстан: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 28 наурыз 2014 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 200 б.

ISBN 978-601-04-0434-2

Бұл жинақта мемлекеттердің тарихы, аймақтық қауіпсіздік және интеграцияның түрлі мәселелері қарастырылатын «Өзгермелі өлем және Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары ұсынылған.

Конференция тарихи ғылымға, Азия мен Африка елдерінің даму мәселелерінің, аймақтық интеграция мен қауіпсіздік мәселелерінің зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Қожахметұлының 75 жылдық мерейтойына арналған.

Жинақтың бірінші бөлімінде мерейтой иесінің еңбектері, екінші бөлімінде – төрт секцияға бөлінген конференция қатысушыларының мақалалары ұсынылған.

Досымбекова М.С. Проблемы функционирования Таможенного союза Российской Федерации, Республики Казахстан и Республики Беларусь.....	93
Елемесов Р. Теоретические основы и исторические корни национальной идеи «Мәңгілік ел»	97
Жунисова Г.Б. Жеке айыптаудың қылмыстық материалдық және қылмыстық-процессуалдық аспект бойынша түсінігі	99
Идрышева Ж.Қ., А.Е.Еспан. Үндістан және Қытай қатынастарының қалыптасуы мен дамуы	102
Ишуова Ж.Ш. Принципы реализации денежно-кредитной политики государства в современных условиях: результаты DSGE модели	105
Каримсаков А.О. «Араб көктемінің себеп-салдары».....	111
Касымова Д.Б., Исаева А.И. Институциональное управление этнической репатриацией в Казахстане	113
Қожахметұлы К., Фархаг А. Махатхир Мохаммад үкіметі және Малайзия	117
Қондыбаева С.К. Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын мемлекеттік реттеуінің экономикалық концепциялары	121
Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г. Қазақстан және НАТО ықпалдастығының кейбір аспектілері	124
Кульбаева А.Т. Процесс объединения Кореи: прошлое, настоящее, будущее	127
Маглумова Г.С. Реклама в системе международных маркетинговых коммуникаций	131
Мәшімбаев С.М. Ұлыбритания мен Қазақстан арасындағы саяси-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық (1991-2010 жж.)	133
Медуханова Л. А. Қазақстандағы теңгерімді девальвациясы және дамушы елдерінің валюта бағамдарының өзгеруі қазіргі кездегі тенденциялары	135
Mukanova Gulnar. The problem of preserving the identity of the media in Kazakhstan and central ASIA	139
Мұқаметханұлы Н. Цин патшалығының қазақ жөнінде танымы мен саясатының қалыптасуы.....	141
Мырзахметова А.М., Турар Ақбота. Интеграционные процессы в рамках ЕврАзЭС.....	144
Наралиева Р.Т. Мәңгілік қазақ елінің болашағының жарқын кепілі – жастар	147
Нурдавлетова С.М. Сотрудничество Европейского Союза с Центральной Азией в области энергоресурсов	149
Оңдашұлы Е. Алаштың оңтүстік қанатының Совет өкіметіне қарсылығы	152
Оңдаш А.О. Әлемдік экономиканың галамдануы мен дағдарыстың жапа үрдістері және «ресурсы мол» елдердегі экономикалық даму мәселелері	155
Рысалиева А.Е. Адам құқықтарын халықаралық қорғау тарихына шолу	160
Сарсембаева А.К. Перспективы развития туризма в Казахстане	163
Смағұлова К.Қ. Қазақстан және Қытай арасындағы саяси ақпараттық байланыс	166
Тастанбеков М.М. Тайыр аймұхаметұлы мансұров - нәзіртанушы ғалым.....	168
Темов Б.М. Необходимость интеграционных процессов в агропромышленных комплексах.....	172
Уразаева Ф.П. Интеграция интеграция үшін ғана емес.....	174
Үйқасбаева М.К. Еңбекақыны ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі.....	176
Шашаев Ә.К. Қазақстанның ежелгі тарихының пәнаралық сабақтастығы	179
Шакиров К.Н. О Казахстанско-Японских отношениях на современном этапе.....	183
Pierre Chabal Libre réflexion d'un descendant de la patrie de Montesquieu après des voyages en 'Kazakhstanie'	185
Макашева К.Н. Аймақтық интеграцияның теориялық негізі.....	188
Жумағұлов К.Т. Редкие источники по истории гуннов и аваров периода великого переселения народов	193

жылдық есебі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығының қалыптасу және даму ерекшелік заңдылықтарын анықтау керек. Алдыңғы жылға болжам қалыптастыру қажет. Бұл, 2007 жыл тамыз айында болған экономикалық дағдарыстан кейін өсіресе өзекті болып табылады.

Екінші мәселе- бірыңғай әдістемсіні, форманы және ақпаратты жинау/өңдеу әдістерін қамтамасыз ету. Жылжымайтын мүлік нарығын талдау әдістерін үйрету үшін риэлторлар мен бағалаушылардың мамандығын жоғарлату курстарын, аналитиктерді дайындау семинарларын ұйымдастыру қажет. Қазіргі таңда елдің жылжымайтын мүлік нарығында үш қоғамдық ұйым ұсынылады- Риэлторлардың Ұлттық Ассоциациясы (РҰА), Қазақстан риэлторларының Ассоциациясы (ҚРА) және Қазақстан бағалаушылар Ассоциациясы (ҚБА)- бұлардың әр біреуі өз қызметін автономды түрде, тәуелсіз жүзеге асырады. Біздің пікірімізше, тиімді мониторинг жүйесін құрастыру үшін тұрғын үй саласындағы жеке заңды тұлғалардың қызметтерін реттеп отыратын, мемлекеттік бірыңғай ұйым болу қажет.

Үшінші мәселе, ақпарат ұсыну жиілігі мен шындығы. Осы мақсатпен Риэлторлардың Ұлттық Ассоциациясының негізінде жылжымайтын мүлік нарығының аналитиктерін сертификациялау Комиссиясын құру ұсынылуда [5, 182 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Баяхметов Т. Б. Стратегия развития и механизм регулирования хозяйственной деятельности в строительном комплексе Республики Казахстан: дис. ... док.экон.наук.: 08.00.05. - Алматы, 1998.- 241 с.- №598РК00119.
- 2 Государственная программа новой жилищной политики и механизмы ее реализации // Указ Президента Республики Казахстан от 1993г., № 1344.
- 3 Ермагамбетова Д. Стоимость жилья в Республике в 2,2 раза превышает себестоимость //казинфом.кз.
- 4 Иванилова А. Новая эра строительного рынка // Новое поколение. - 2007. - №43(491).
- 5 Кулумбетова Л.Б. Этапы и тенденции развития рынка жилья в Казахстане // Вестник КазАТК. - 2007. - №4. - С.181-187.
- 6 Смирнов В.М. Регулирование развития жилищного строительства крупного города [Электронный ресурс]: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05.-Санкт-Петербург, 2009. - 160 с.
- 7 Тарасевич Е.И.Современные принципы анализа рынка недвижимости //Вопросы оценки. - 1999. - № 3. - С.23-30.
- 8 Triulzi U., Montalbano P. The Economic Policy in the International Context, UTET-Universita.- 2006.
- 9 Шалболова У.Ж. Жилищная и социальная сфера: экономический анализ, развитие.-Алматы: Кітап, 2006.-192 с.

Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ НАТО ЫҚПАЛДАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ

Бүгінгі таңда Қазақстан өлемнің көптеген елдерімен тұрақты саяси және экономикалық байланыс орнату арқылы халықаралық институттардың беделді мүшесіне айналды және күрделі экономикалық және саяси сипаттағы мәселелерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатындай деңгейге көтерілді.

Өлем қарқынды, динамикалық сипатта дамуда. Өлемдегі өзара тәуелділіктің күшеюі, жаһандық проблемалардың пайда болуы мен шиеленісуі өлемдік сахнадағы ынтымақтастықты кеңейтудің және жеделдетудің объективті қажеттілігін арттырды. Сондықтан Қазақстан қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық құрылымдармен берік әрі тығыз байланысты дамытуға және тереңдетуге мүдделі және бұл оның көпвекторлы сыртқы саясатына сай келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Жолдауында «халықаралық ахуал және геосаяси орта қарқынды өзгеруде және әрқашан жақсы жағына қарай ойыса бермейді, күштердің ара салмағы елеулі өзгерістерге ұшырауда және осы орайда БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АОСШК және басқа қауіпсіздік тетіктерінің рөлі арта түседі» деп атап өтілген болатын [1].

Осы орайда Солтүстік Атлантикалық Одақпен (НАТО) ықпалдастықты дамыту Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан өзінің қорғаныс қабілеттілігін арттыру және аймақтық қауіпсіздікті нығайту мақсатында НАТО-мен тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүдделі болып отыр. Атап айтқанда, ҚР-ның бұрынғы Мемлекеттік хатшысы М. Тажин былай деп атап өткен болатын: «Қазақстан және НАТО арасындағы ынтымақтастықтың дамуын аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды құраушы ретінде қарастырамыз, сонымен қатар еліміздің бұл ұйыммен орнатылған серіктестігінің даму деңгейі қауіпсіз-

діктің әскери және әскери емес аспектілерін жетілдіру мәселесіне қатысты біздің талпынысымызды көрсетеді. НАТО-мен саяси диалогты дамыту өте маңызды болып табылады, өйткені бұл Орталық Азия талаптары мен оның ерекшеліктерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді» [2].

Қазақстан мен НАТО ықпалдастығының басым бағыты ретінде әскери-қорғаныс, әскери емес (ғылыми) салаларындағы өзара ықпалдастығы айқындалып отыр. Қазақстан НАТО-ның әскери, техникалық және экономикалық әлеуетін пайдалану арқылы өзінің ұлттық қауіпсіздігін нығайта отырып, ұйыммен орнатылған әріптестікті қауіпсіздіктің халықаралық жүйесіне интеграцияланудың мүмкіндігі ретінде қарастырады. Республиканың қазіргі таңдағы басымдықтарына сәйкес келетін әскери-қорғаныс, қарулы күштерді қайта жарактандыру, лаңкестік қауіптеріне қарсы тұру, шекара-лық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ғылым мен экология салаларындағы НАТО-мен өзара тиімді және тең құқықты серіктестікті орнату Қазақстан саясатының басты мақсаты болып табылады.

Қазақстан және НАТО арасындағы сындарлы ықпалдастық 1992 жылы Қазақстан Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық Кеңесіне және 1994 жылы «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына қосылғаннан кейін орнатылды. Өз кезегінде отандық сарапшылардың пікірінше, «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы – Қазақстан мен НАТО ықпалдастығының ең ықтимал форматы болып табылады [3].

Республиканың 1994 жылы «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына қосылуы аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үдерістеріне белсенді қатысуға ықпал етті. «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы еуроатлантикалық арал шеңберіндегі саяси және әскери ынтымақтастықты кеңейтуге, қауіпсіздік саласындағы тұрақтылық пен байланысты күшейтуге әрекет етеді. Орталық Азия мемлекеттерінің аталмыш бағдарламаға қосылуы Альянс пен арадағы қарым-қатынастарына ресми мәртебе берді, аймақтық қауіпсіздік саласында ынтымақтастық механизмін қамтамасыз етті. НАТО-ның аймақта болуы-стратегиялық және геосаяси фактор, әлемнің осы нүктесіндегі стратегиялық ландшафттың бір бөлігі [4]. Бағдарлама өзінің логикалық дамуынан өтіп, жоспарлы жүйеге айналды. Қазіргі кезде бағдарлама аясында ынтымақтастық тұқымын жетілдіру және басқару жүйесінде түсіністікті қалыптастыратын түрлі мемлекеттердің қарулы күштері қатысатын әскери жаттығулар үлкен маңызға ие. Қазақстанның Қарулы Күштері 1997 жылдан бері аталған бағдарлама аясындағы іс-шараларға белсенді түрде қатысып келеді. Мұндай іс-шаралардың НАТО және Одаққа кірмейтін мемлекеттер арасындағы нағыз пәрменді диалог-алаңы болып табылады. Ең бастысы, бұл диалог қатысушыларына едәуір жақын саяси-дипломатиялық қарым-қатынасты орнатуға, қатысушылардың арасында әскери даму мәселелерінде ашықтықты қамтамасыз етуге және олардың әскери-саяси және техникалық ынтымақтастығының дамуына ықпал етеді, сонымен бірге бірлескен әскери бастамалар арқылы әр түрлі мемлекеттердің қарулы күштерінің оперативті тұтастық деңгейін көтеруге болады.

Қазақстан мен НАТО стратегиялық серіктестігі «Бейбітшілік жолындағы әріптестік», «Талдау мен жоспарлау үдерісі» (ПАРП), «Оперативті әлеует тұжырымдамасы» бағдарламалары, сонымен қатар Іс-қимыл серіктестігінің жеке жоспары аясында ықпалдасуда. Іс-қимыл серіктестігінің жеке жоспары Қазақстан – НАТО желісі бойынша жүзеге асырылатын ықпалдастықтың барлық аспектілерін үйлестіреді.

Аталған жоспардың басты басымдықтарына келесілерді жатқызуға болады:

- аймақтық және халықаралық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық;
- қорғаныс және әскери сала, халықаралық лаңкестікпен күрес мәселелері;
- демократиялық реформаларды жүргізу мақсатында Қазақстан мен НАТО арасындағы саяси диалог пен консультацияларды нығайту;
- төтенше жағдайлардың алдын алу, ғылым саласындағы ынтымақтастық.

Өз кезегінде НАТО-ның және оның жетекші елдерінің Қазақстанға қызығушылығының негізінде бірқатар факторлар бар:

- Біріншіден, Қазақстан, Еуразия орталығында, трансұлттық көлік желісі және әскери – стратегиялық белсенділік тұсынан маңызды болып табылатын Ресей, Қытай және ислам өлемі ортасында оңтайлы орналасқан.
- Екіншіден, Қазақстан табиғат ресурстарының өртүрлілігі және отын-энергетикалық ресурстарының қоры бойынша өлемнің бай аймақтарының бірі болып табылады.
- Үшіншіден, Қазақстанның Орталық Азия елдерінің арасында экономикалық және саяси тұрғыда едәуір дамыған мемлекет болғандықтан, аймақтың тұрақты дамуының өзегі ретінде қарастырылады.
- Төртіншіден, Қазақстанның белсенді және тұрақты сыртқы саяси ұстанымы бар, ал оның көпвекторлы саясаты түрлі интеграциялық бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған.

- Бесіншіден, Қазақстан өзінің Ресейге, ҰҚШҰ және ШЫҰ-ға берген әскери-саяси міндеттемелеріне байланысты НАТО-мен тығыз ықпалдастығын прагматикалық және теңдестірілген түрғыда дамытып, өзара тиімді серіктестікті орнату мақсатын көздейді.

Қазақстан мен НАТО арасындағы қарым-қатынастың тиімді сипатта жүргізілетіндігі 2010 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың НАТО-ның Бас Хатшысы Андерс Фог Расмуссенмен Брюссельде өткен кездесуі кезінде расталды. Бұл кездесу барысында Қазақстан мен НАТО ынтымақтастығының жағдайы мен болашағы талқыға салынып, сонымен қатар халықаралық және аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне назар аударылды. Осы кездесу барысында Расмуссен «Қазақстан – Орталық Азиядағы НАТО-ның жетекші әріптесі» ретінде айқындаған болатын [5].

Қазақстан-НАТО әскери ынтымақтастығының аясында жедел үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін бітімгершілік бөлімдерді жаттықтыру мәселелеріне көңіл бөлінеді. Бұл ұлттық бітімгершілік әлеуетті дамытуды, бірлескен жаттығуларға қатысуды, жоспарлау саласында тәжірибе алмасуды, бейбітшілікті сақтауға бағытталған операцияларды жүргізуді қарастырады. Атап айтқанда, 2003 жылдан бастап Қазақстанда жыл сайын «Дала қыраны» жаттығуы НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы аясында өткізіліп келеді. Сонымен қатар дайындығы және жабдықталуы жағынан НАТО-ның стандарттарына сәйкестендірілген Қазақстанның бітімгершілік батальоны (Қазбат) 2003 жылы Қазақстанның Иракқа жіберілген аталмыш батальоны жарылғыш заттарды залалсыздандыру бойынша жұмыстар жүргізу мен бейбіт халыққа әскери медициналық қызмет көрсету арқылы ол мемлекетті қайта қалпына келтіру үдерісіне өз үлесін қосты.

Қазақстан мен НАТО ынтымақтастығы Ауғанстандағы лаңкестікпен күрес және ондағы тұрақтандыру шараларын жүзеге асырумен де айқындала түседі. НАТО-ның Ауғанстандағы әскери күштерін жабдықтау үшін жүктердің транзитіне Қазақстанның жақында берген рұқсатын Альянс жоғары бағалады. Ауғанстанды тұрақтандыру стратегиясын жүзеге асыру аясында НАТО Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Түркменстан территорияларынан өтетін «солтүстік маршрут» арқылы ISAF күштеріне тылдан көмек беру мүмкіндігіне ерекше назар аударуда.

Қазақстан 2009 жылы Ауғанстанмен 2021 жылға дейін 700 ауған студенттерінің білім алуы жөнінде келісімге қол қойды, сондай-ақ Ауғанстандағы экономикалық және гуманитарлық жобаларды қаржыландырып отырады. Қазақстан Ауғанстан бойынша «Ыстамбұл үдерісінде» үлкен рөл ойнауда.

НАТО-ның мүше-мемлекеттері мен серіктес-мемлекеттері арасында жүзеге асырылып жатқан әскери емес ықпалдастық кең ауқымды сипат ала бастады. Бұл НАТО-ның негіз құраушы құжаттарында белгіленген және елу жылдан астам тәжірибесі айқындаған басты міндеттерін жүзеге асыру барысындағы кедергілерді жоюға немесе азайтуға мүмкіндік береді.

НАТО-ның ішкі жағдайына әрі ұйым мүше-мемлекеттері мен үшінші мемлекеттер арасындағы ықпалдастықтың дамуына ғылым, экология салаларындағы жобалардың жүзеге асырылуы оң әсер беруде. НАТО-ның әскери емес мақсаттағы ынтымақтастық тетіктері арқылы ғаламдық проблемаларды шешуде мемлекеттердің бірлесіп қатысуы саяси қайшылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Осылай, одақтың әскери емес қызметі өлемдік саясаттың негізгі акторлары арасындағы саяси ықпалдастықтың тежемелі қақтығысты немесе ешбір қақтығыссыз үлгісінің орнауына ықпал етеді [6].

Қазақстан Республикасы мен НАТО арасындағы ықпалдастықты тереңдету аясында әскери емес ынтымақтастықты әртараптандыру мен кеңейту мәселесіне ерекше көңіл аударылып келеді. Ғылыми зерттеулер үдерісінің қарқындылығын арттыру арқылы білім беру мен ғылым саласына қолдау көрсету мақсатымен НАТО-ның «Виртуалды жібек жолы» бағдарламасы аясында Интернет жүйесіне қосылу проблемасын шешу үшін серіктес-мемлекеттердегі, оның ішінде Қазақстандағы бірнеше ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелері қажетті жүйелік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді.

Қазақстан Еуро-Атлантикалық серіктестік кеңесі аясындағы Бейбітшілік және қауіпсіздік жолындағы ғылым жөніндегі комитеттің жұмысына белсенді қатысып келеді. Бұл институт халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту саласында тиімді жұмыс жасап келе жатқан Альянстың академиялық құраушысы болып табылады. Комитет – азаматтық ғылым және инновациялар сияқты салалардағы ынтымақтастықтың дамуына қолдау көрсететін құрылым және қоғам мен ғылымды интеграциялауға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырады.

Бейбітшілік және қауіпсіздік жолындағы ғылым жөніндегі комитет қоғамдық мәселелердің техникалық, ғылыми және саяси аспектілері бойынша білім беруге, тәжірибе алмасуға және біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік беретін бірегей зияткерлік форум деуге болады. Қоғамдық дипломатия жөніндегі НАТО-ның Бас хатшысының көмекшісі және Бейбітшілік және қауіпсіздік жолындағы ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы Жан-Франсуа Бюро былай деп атап өтеді: «Комитет кең ауқымдағы сұрақтар бойынша жұмыс жасайды. Мақсаты – Солтүстіктік Атлантикалық Одақ пен

оның серіктестеріне алдыға қойған мақсаттарды шешуге көмек көрсету және қоғам қолдауын арттыру. Ғылым Солтүстік-атлантикалық одақтың қоғамдық дипломатиясының ортақ мақсаты және басты басымдықтары үшін қызмет етеді» [7].

Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесіне әрі қарай интеграциялану қарқыны мен сапасына жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздер өз ықпалын тигізуде. Мысал үшін, Қазақстан НАТО-мен және оның мүше-мемлекеттерімен серіктестік қатынастардың ортақ саяси негізі болып табылатын Еуро-Атлантикалық серіктестік кеңесі аясында консультациялар жүргізеді. 26+1 форматындағы тікелей диалогтың нығаюына басымдық беріледі. Бұл бағыттың маңыздылығы 2010 жылы Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-да төрағалық стуіне байланысты аймақтық және жаһандық сипаттағы қауіпсіздік проблемаларын шешуде Орталық Азияда екі ұйым ынтымақтастығының нығая түсуі мүмкін.

Қазақстан Еуро-Атлантикалық серіктестік кеңесінің мүшесі және «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасының қатысушысы ретінде АҚШ-пен және Еуропалық одақтастарымен ынтымақтасып, тек ұлттық қауіпсіздікті ғана емес, сонымен қатар халықаралық қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастық ісіне де өз үлесін қоса алады.

Қорыта айтқанда, НАТО-мен ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес келеді. НАТО факторы Орталық Азияда геосаяси тежемілік пен тепе-теңдік жүйеге негізделген аймақтық қауіпсіздік құрылымының қалыптасуына ықпал етуде. Сонымен қатар Альянспен серіктестіктің тереңдеуі қазақстандық қарулы күштер біліктілігінің артуына, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери реформаның жүзеге асуына игі әсер ететін болады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz
2. Текст выступления Министра иностранных дел Республики Казахстан Марата Тажина на пленарном заседании Форума безопасности НАТО/СЕАП (Астана, 25 июня 2009) // <http://www.kazakhemb.org.lv/? CategoryID=209 & ArticleID=894&Page=1>
3. Шаймергенов Т. Биекенов М. Казахстан и НАТО: Оценка вероятных перспектив сотрудничества.//Центральная Азия и Кавказ, 2010, Т.13, №1. –С. 40
4. Шаймергенов Т.Т. Центральная Азия в военно-политической стратегии НАТО на современном этапе: позиция России// www.freeasia.kz.
5. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Брюссельге сапары барысында НАТО Бас хатшысы А.фог Расмуссеннің сөйлеген сөзі
6. Белоногов А. Политическое значение невоенного сотрудничества НАТО в глобализирующемся мире. - СПб.: СПбГУ, 2006. - С. 4
7. 50 лет научной программе НАТО // http://www.nato.int/cps/ru/SID-86D23AA0-E09B4C1C/natolive/ news_ 46491.htm?mode=news

Кульбаева А.Т.

КазНУ им.аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ПРОЦЕСС ОБЪЕДИНЕНИЯ КОРЕИ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ

События последних лет двадцатого и первого десятилетия двадцать первого века определили две ярковыраженные тенденции в международных отношениях, которые и составляют основное их содержание: глобализация (интеграция) и дезинтеграция. Нельзя сказать, что в предыдущие годы этих тенденций в мировой политике не наблюдалось, но именно в обозначенное выше время они стали проявляться особенно бурно. И ситуация на Корейском полуострове, несмотря на сумбурность процесса, все-таки укладывается в указанный разнонаправленный тренд.

Разделение Кореи после второй мировой войны изначально подразумевало характер временных обстоятельств. Во всяком случае, определенного решения о разделенной судьбе освобожденной от японской оккупации Кореи принято не было. По представленным в книге «Корейский полуостров: метаморфозы послевоенной истории» данным[1], можно сделать недвусмысленный вывод, что изначально мысли о разделении Кореи не было ни у руководства СССР, ни у политиков США – главных действующих лиц в процессе освобождения Кореи от японской оккупации в августе-сентябре 1945 г. Но уже в последующие годы в связи с началом холодной войны начинается процесс сепаратного строительства двух государств на севере и на юге, поддержанный, с одной стороны,